



Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің акционерлік банктердегі өкілі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 10 қараша N 1256. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.20. N 304 қаулысымен.

"Тұранбанк", "Кредәлеуметбанк", "Қазақстан Әлембанкі", "Қазагроөнеркәсіпбанк" және "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік банктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакетін басқаруды жақсарту және мемлекеттің бірыңғай кредит-қаржы саясатын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Аталған банктердің Байқаушылар кеңестерінің құрамына басқа қызметтен босатылған мемлекеттік меншік үлесі жөніндегі Министрлер Кабинеті Өкілінің лауазымы енгізілсін. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің акционерлік банктердегі Өкілі (бұдан әрі - Өкілі) туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Өкілдің лауазымдық айлығы мен еңбегіне ақы төлеу жағдайы Банк басқармасы төрағасының бірінші орынбасарының лауазымдық айлығы мен еңбегіне ақы төлеу жағдайына теңестіріліп, шығындары акциялардың мемлекеттік пакетіне аударылатын үлес - пайдаға жатқызылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 10 қарашадағы

N 1256 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

акционерлік банктердегі Өкілі туралы

Ереже

Жалпы қағидалар

Өкіл банктің Үкімет шешімдерін орындауы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетін үнемі хабардар етуді қамтамасыз

ететін, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы ісінде Үкімет пен банктің өзара іс-қимылын нығайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыратын арнайы уәкілдік берілген лауазымды адам болып табылады.

Өкілді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындап, қызметінен босатады және ол оған есеп беріп отырады.

Өкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін басшылыққа алады.

Өкілдің міндеті мен қызметі

Өкіл:

қаржы-кредит қатынастары саласындағы түйінді перспективалық бағыттар бойынша республиканы дамытудың келелі әлеуметтік-экономикалық проблемаларын талдайды және оларды шешу жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен келісілген ұсыныстарды әзірлейді;

инвестициялық саясатты жүзеге асыру және инновациялық қызметті ынталандыру жөнінде ұсыныстар дайындайды;

банк қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, енгізеді;

өзара пайдалы экономикалық тиімділікке жету мақсатында қызмет көрсететін шаруашылық органдарымен неғұрлым жетілдірілген қарым-қатынасты қалыптастырып, банкпен бірге іске қосады;

банкпен бірге сыртқы экономикалық байланысты дамыту стратегиясы, халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық, техникалық көмекті пайдалану, банк қызметшілерін даярлау мен қайта даярлау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті алдында өз қызметі жөнінде тоқсан сайын есеп беріп отырады және Үкіметке жыл сайын банктің экономикалық есебін әзірлеуді жүзеге асырады.

Аталған қызметті жүзеге асыру мақсатында Өкілдің:

Банк басқармасының мәжілістеріне байқаушы ретінде қатысуға;

банктің құрылымдық бөлімшелерінен өзінің құзыретіне жататын мәселелер жөнінде (Банк басқармасының төрағасымен келісу бойынша) қажетті негіздемелерді, есептеулер мен басқа да материалдарды сұратуға және алуға;

Үкімет шешімдерін жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін банк қызметкерлері қатарынан (Банк басқармасының төрағасымен келісу бойынша) жұмыс топтарын құруға;

жаңа экономикалық қатынастардың нормативтік негізін жасау жөнінде Үкімет шешімдерінің жобаларын әзірлеуге;

шетел мамандарын қабылдауға, олармен бірге (Банк басқармасы төрағасымен

келісу бойынша) банк қызметін жақсарту жөнінде практикалық ұсыныстар әзірлеу үшін бірлескен жұмыс топтарын құруға уәкілдігі бар.

Аталған банктердегі Министрлер Кабинетінің өкілдері арасындағы қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарына жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК